

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС  
АУДАНЫНЫҢ АДАМИ  
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ  
«№31 Ш.УӘЛИХАНОВ  
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА  
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
СРЕДНЯЯ ШКОЛА  
№31 ИМЕНИ Ш.УАЛИХАНОВА»  
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ  
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА  
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА  
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ  
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА  
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Жүзімдік ауылы, Б.Қалмаханов көшесі №86  
Тел: +7(72537)7-51-72

С.Жузумдик, улица Б.Калмаханов №86  
Тел: +7(72537)7-51-72

### БҰЙРЫҚ

№ 110

### ПРИКАЗ

31.08.2021 г. Ш.М.

### «Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне мониторинг және ішкі талдау жүргізу туралы»

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабы, 5-тармағына, 21-бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2020-2021 оқу жылында мектепте сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг және ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг және ішкі талдау жүргізу жұмыс тобы төмендегі құрамда бекітілсін:

Жұмыс тобының төрағасы: К.Усенов - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жұмыс тобының мүшелері: Р.Есжанова—директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

К.Абдрахманов—директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары;

М.Сакибекова— директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Ж.Айтымбетова—әлеуметтік педагог;

Г.Жаназарова — іс жүргізуші






Г.Бимурзаева — кәсіподақ төрайымы








3. Мектепте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау тоқсанына бір рет төмендегі бағыттар бойынша жүргізілсін:

1. Мектеп қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
  2. Персоналды басқару оның ішінде кадрлардың ауысуы;
  3. Мүдделер қақтығысын реттеу;
  4. Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша іс-шара жоспары түзіліп бекітілсін.
5. Осы бұйрыққа сәйкес тиісті жұмыстарды үйлестіру мен орындалу жауакершілігі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.Усенов пен Р.Есжановаға жүктелсін.
6. Бұйрықтың жалпы орындалуын бақылауды өз міндетіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  А.Камбарова

Бұйрықпен таныстым:

  
(қолы)  
  
(қолы)  
  
(қолы)  
  
(қолы)  
  
(қолы)  
  
(қолы)  
  
(қолы)

  
(Т.А.Ә.)  
  
(Т.А.Ә.)  
  
(Т.А.Ә.)  
  
(Т.А.Ә.)  
  
(Т.А.Ә.)  
  
(Т.А.Ә.)  
  
(Т.А.Ә.)

**№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг және ішкі талдау жүргізу  
жөніндегі жұмысшы тобының» 2021-2022 оқу жылының бірінші  
жартыжылдығына жүргізілген талдау жұмысының  
АНЫҚТАМАСЫ**

Түркістан тоблысы, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2021 жылдың 1 қыркүйектегі мен 2022 жылдың 1 қаңтары уақыт аралығындағы кезеңге сыбайлас жемқорлық тәуекеліне байланысты мектеп директорының «Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне мониторинг және ішкі талдау жүргізу туралы» №110 бұйрығына сәйкес мониторинг және ішкі талдау жұмысы жүргізілді.

Мектептің жобалық қуаттылығы 700 оқушыға арналып салынған. Бүгінгі таңда мектепте 889 оқушы білім алады және 26 кіші қызметкер, 99 мұғалім жалпы 125 қызметкер жұмыс атқарады.

**Мониторингте төмендегі бағыттар қамтылды:**

- 1) Персоналды басқару және кадрлер мәселесі;
- 2) Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты;
- 3) Құқықтық-нормативтік актілер мәселесі;
- 4) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет бойынша;
- 5) Мүдделер қақтығысы бойынша;

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлар мәселесі бойынша 2021 жылдың 1-қыркүйегі мен 2022 жылдың 1 қаңтары уақыт аралығында мектепке 2 азамат жұмысқа қабылданып, 1 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылған. Барлық жазылған өтініштерге уақтылы мектеп директорының бұйрықтары шығарылған. Персоналды басқару барысында мектеп директорының бұйрықтары шығарылған. Персоналды басқару барысында мектеп әкімшілігі ұжыммен тығыз қарым-қатынаста болған. Азаматтарды жұмысқа қабылдау үшін арнайы қабылдау комиссиясы құрылып, конкурстық негізде «Jumys.snation.kz» электронды жүйесі бойынша, тест және әңгімелесу нәтижесінде, хаттамалар негізінде комиссия шешімімен 2 азамат жұмысқа қабылданған. Барлық азаматтар жұмысқа конкурстық негізде мемлекеттік электронды портал арқылы заңды түрде қабылданған.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша мектептегі оқу-тәрбие жұмысының барысында барлық регламент заң талаптарына сәйкес сақталған. Мектепке оқуға қабылдау оқушыларға ыстық тамақ беру, инклюзивті оқыту, үйде оқыту, аттестат және оның төлнұсқаларын беру, мектептен басқа мектепке ауысу бойынша ешқандай заң талаптары бұзылмаған. Мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері айлық еңбекақыларын өз уақытында және толық көлемде алып

отырған. Мектептегі жетім, көп балалы, аз қамтамасыз етілген, мүгедек балаларға мемлекеттік көмек пен қайырымдылық көмектері заңға сәйкес берілген.

3) Мектептегі оқу-тәрбие процесі барысында шығарылған барлық бұйрықтар заңды негізде шығарылған. Жиналыстардың хаттамалары мен қаулыларында ешқандай заңсыздық орын алмаған. Мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне тәртіптік және қызметтік шара көру бойынша, орын алмастыру мен сабақтарды алмастыруда, декреттік және ақылы, ақысыз демалыс беру мәселесінде заң бұзушылық анықталмады. Барлық құқықтық-нормативтік актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекеліне жол берілмеген. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі сақталған және мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың хаттарына өз мерзімінде жауап берілген. Құқықтық –нормативтік актілер шығару барысында мектеп директоры мен директор орынбасарлары тарапынан сыбайлас жемқорлық жағдайлары орын алмаған.

4) Ұйымдастырушылық –басқарушылық қызмет барысында барлық іс – шаралар заңға сәйкес өткізілген. Мектепте мұғалімдер мен қызметкерлерден, ата-аналар мен оқушылардан ақша жинау, сыйлық алу, сыйлық беру фактілері кездескен жоқ. Түрлі іс-шараларға, тексерушілер мен баспасөзге жазылу бойынша қаражат жинау жағдайы болмаған. Мектепте мұғалімдер мен қызметкерлерге, ата-аналар мен оқушылардың арыз-шағымдары мен ұсыныс– пікірлеріне байланысты арнайы «Сенім жәшіктері» орнатылып, түрлі мемлекеттік органдардың « Сенім телефондары» паракшаларға жазылып, көрнекі жерге ілінген. Мектептегі барлық мұғалімдер мен қызметкерлер сыбайлас жемқорлық бойынша стандартпен таныстырылған және арнайы міндеттеме қабылданып, барлығы міндеттемеге келісіп, қол қойған. Мектепте сыбайлас жемқорлық бойынша стандартпен таныстырылған және арнайы іс-шаралар жоспары жасалып бекітілген, соған байланысты мұғалімдер мен оқушылар арасында түрлі тақырыптарда семинар, тренинг, пікірсайыс, дөңгелек үстел, басқа да іс-шаралар өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар «Түркістан-адалдық алаңы» жобасы бойынша жұмыстар атқарылып, жалпыреспубликалық « Адалдық сағаты» акциясы аясында «Адалдық сағаты» тақырыбында түрлі тәрбие сағаттары өткізілген. Мектебімізде былтырғы оқу жылынан бастап «Integriti shop» ( Адалдық дүкені) дүкені жобасы жүзеге асырылған болатын. Мектебіміздің 1- қабатында сатушысыз дүкен жұмыс жасап тұр. Мұндай жобаны жүзеге асыру жастардың тәрбиесі мен адалдығын артыруға бағытталып отыр. Осылайша, бұл дүкен оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін шыңдайтын орынға айналды. Сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы имунитетті» қалыптастыруға әсер ететін нысан болып табылады. Жаңашыл дүниені мектеп оқушылары жылы қабылдады.


5) Аталған мерзім арағында мектепте мүдделер қақтығысы орын алмаған. Мектеп мұғалімдері мен қызметкерлерінің және ата-аналар мен оқушылар арасында келіспеушілік жағдайлары болмаған. Жоғары тұрған мемлекеттік органдарға арыз-шағымдар жазылмаған және мектеп ұжымы арасында түрлі дау-дамайлар туындамаған.

## Қорытынды

Мектепте сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтау бойынша 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 2022 жылдың 1 қаңтары уақыт аралығындағы кезеңге жүргізілген мониторинг және ішкі талдау жұмысының қорытындысы нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған жоқ.

### Жұмысшы тобы:

Жұмысшы тобының жетекшісі,

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  К. Усенов

Жұмысшы тобының мүшесі,

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Р. Есжанова

Жұмысшы тобының мүшесі,

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:  М. Сакибекова


Жұмысшы тобының мүшесі, директордың

ішкі істер бөлімі жөніндегі орынбасары: К. Абдрахманов


Жұмысшы тобының мүшесі, мектептің

қосақпақ комитетінің төрайымы:  Г. Бимурзаева

Жұмысшы тобының мүшесі,


әлеуметтік педагог:  Ж. Айтымбетова

Жұмысшы тобының мүшесі,

іс жүргізуші:  Г. Жаназарова

Мектеп директоры:

А. Камбарова



**№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» бойынша  
2021-2022 оқу жылында атқарған іс-шаралар есебі туралы**

**Анықтама**

Түркістан облысы, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы жалпы орта білім беретін мектебінде қыркүйек айынан бері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» бойынша жұмыстар атқарылды.

Мектебіміздің 1-кабатында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата –аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «сенімжәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі қатысуымен алынып, жұмыс жүргізіп, қаралатын. Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады. Мектепте ата –аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұрады. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тарапынан ұйымдастырылған жалпы республикалық «Адалдықсағаты» өтті.

Мектебімізде былтырғы оқу жылынан бастап «Адалдық дүкені» дүкені жобасы жүзеге асырылған болатын. Мектебіміздің 1-кабатында сатушысыз дүкен жұмыс жасап тұр. Мұндай жобаны жүзеге асыру жастардың тәрбиесі мен адалдығын арттыруға бағытталып отыр. Осылайша, бұл мекен оқушылардың әлеуметтік жауапкершілікпен шындайтын орынға айналды. Сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы имунитетті» қалыптастыруға әсер ететін нысан болып табылады. Жаңашыл дүкені мектеп оқушылары жылы қабылдауда.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі тарапынан ұйымдастырылған «парасаттылық және шынайылық» тақырыбында адалдық сағаты өтті. 8-9 сынып оқушыларымен сұқбаттасты. Шынайылық пен парасаттылық, жақсылық ережелері туралы ой қозғасты. Неге бүгінгі біздің уақытымызда адамдар жақсылық жасамайды? Не үшін парасатты жұмыстар атқармаймыз? Деген сұрақтар төңірегінде оқушылармен ашық әңгіме құрылды. Оқушыларымыз түрлі сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу мәселелері бойынша «сыбайлас жемқорлық-қоғамның өзекті мәселелері» атты тақырыбында мектеп мұғалімдері мен қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың қатысуымен «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында дөңгелек үстел және «жемқорлықсыз қоғамға қадам» атты дебат өтті. Дебат арқылы оқушылардың сыбайласқа қарсы мәдениетті қалыптастыру көзделеді. Мектебімізде «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» іс шаралар жоспары бойынша жұмыстар жүргізіліп, мұғалімдер мен қызметкерлер және оқушылар заңнамалармен таныстырылып, сынып сағаттары, түрлі іс шаралар өткізілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



 Р. Есжанова



«Бекітемін»  
Мектеп директоры:  
А.Камбарова

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде  
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг және ішкі талдау жүргізу  
жөніндегі жұмысшы тобының» 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

| №  | Атқарылатын іс-шаралар                                                                                                                            | Мерзімі         | Жауапты                         |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|---------------------------------|
| 1  | Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын насихаттау мақсатында іс-шаралар жоспарын бекіту.   | қыркүйек        | мектеп директоры                |
| 2  | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг және ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмысшы тобының құрамын бекіту, бұйрық шығару.                     | қыркүйек        | мектеп директоры                |
| 3  | Мектептің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг және ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмысшы тобының іс-шаралар жоспарын жасау.               | қыркүйек        | жұмысшы тобының жетекшісі       |
| 4  | Құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлық қылмыс тәуекелдерінің алдын алуға байланысты мектеп қызметкерлеріне құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | үнемі           | жұмысшы тобы                    |
| 5  | Мектепте «Педагог мәртебесі туралы» Заңның орындалуын қамтамасыз ету.                                                                             | үнемі           | мектеп әкімшілігі, жұмысшы тобы |
| 6  | Мектеп қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және заң бұзушылықтың алдын алу мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.               | үнемі           | мектеп әкімшілігі, жұмысшы тобы |
| 7  | Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалармен мұғалімдерді таныстырып отыру.                 | ай сайын        | жұмысшы тобы                    |
| 8  | Мұғалімдердің жалақысы мен салықтарының, зейнеткерлік қордың қаржысын уактылы аударылуын бақылау.                                                 | ай сайын        | жұмысшы тобы                    |
| 9  | Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары талаптарының сақталуына бақылау жасау.                                                           | үнемі           | мектеп әкімшілігі, жұмысшы тобы |
| 10 | Персоналды басқару және кадрлардың ауысуы бойынша талдау жасау.                                                                                   | жоспарға сәйкес | жұмысшы тобы                    |
| 11 | Мектептегі мүдделер қақтығысына байланысты талдау жұмыстарын жүргізу.                                                                             | наурыз          | жұмысшы тобы                    |
| 12 | Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын мәселелерге талдау жасау.                                                                     | сәуір           | жұмысшы тобы                    |
| 13 | Мектептегі құқықтық-нормативтік актілердің заңдылығы бойынша талдау жұмыстарын жүргізу.                                                           | мамыр           | жұмысшы тобы                    |
| 14 | Атқарылған жұмыстар туралы аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне мәлімет тапсыру.                                                               | тоқсан сайын    | жұмысшы тобы                    |

Дайындаған:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
мониторинг және ішкі талдау жүргізу  
жөніндегі жұмысшы тобының жетекшісі:

К.Усенов